

САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу мақсаты: Профессор-оқытушылар құрамының университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттануы.

Жүргізілетін мониторингтің мақсаты: Университеттегі профессор-оқытушылар құрамының білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану деңгейін анықтау.

Зерттеу нысаны: университеттің профессор-оқытушылар құрамы.

Зерттеу пәні: білім беру қызметтерінің сапасын және экожүйесін жетілдіру.

Социологиялық зерттеу әдісі: сауалнама.

Өткізу мерзімі: қазан-қараша 2025ж.

Профессор-оқытушылар құрамына арналған сауалнама 20 сұрақты құрайды.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны **817** адамды құрайды. Оның ішінде **277** қызметкер сауалнамаға қатысты, бұл жалпы санның шамамен **34%** құрайды.

Бұл көрсеткіш университет ПОҚ-ның үштен бір бөлігі зерттеуге белсенді қатысқанын, яғни қызмет сапасы мен экожүйе жағдайына бейжай қарамай, өз пікірін білдіруге ынталы екенін айғақтайды.



1. Сіздің ойыңызша оқу процесінің қандай мәселелері бірінші кезектегі шешімді талап етеді?



Талдау нәтижесі бойынша, ПОҚ-ның басым бөлігі – **63,5%** - университеттегі оқу процесінің оқу-техникалық жабдықтармен, аудиториялар мен зертханалармен қамтамасыз етілуін негізгі фактор ретінде атап өтсе, **17%-ы** білім беру бағдарламаларының

жетілдірілмегендігін көрсетті, ал **13,4%** респондент оқу-өндірістік практиканың ұйымдастырылуына назар аударып, оқу-әдістемелік әдебиеттің жеткіліксіздігін **6,1%**-ға бағалаған.

Қорытынды:

Оқу процесінің сапасын арттыруда ең маңызды бағыт - материалдық-техникалық базаны күшейту қажет екендігін білдіреді.


2. Оқытушыларға әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау (силлабустар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қоса алғанда) қаншалықты тиімді жүзеге асырылады?



Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ПОҚ-ның басым бөлігі (**55,6%**) оқу процесіндегі әдістемелік және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жоғары деңгейде қатысатынын атап өткен, **35%** өз қатысуын орташа деңгейде бағалаған, **5,1%** төмен деңгейде қатысатынын көрсеткен, ал **4,3%** - жауап бермеген немесе қиындық білдірген.

Қорытынды: алынған нәтижелер университет ПОҚ-ның басым бөлігі білім беру бағдарламалары мен әдістемелік жұмыстарға белсенді түрде атсалысатынын көрсетеді. Дегенмен, орта және төмен деңгейдегі қатысушылардың үлесін азайту мақсатында ішкі ынталандыру, тәжірибе алмасу және әдістемелік қолдауды күшейту қажет екенін көрсетеді.


3. Оқу әдебиетінің сапасы мен білім беру ресурстарының қолжетімділігіне қаншалықты қанағаттанасыз?



Респонденттердің көпшілігі (**62,8%**) университет ұсынатын оқу әдебиеттері мен білім беру ресурстарының сапасына толық қанағаттанатынын білдірген, **29,2%** қатысушының жартылай қанағаттануы оқу ресурстарын жаңарту және толықтыру қажеттілігін көрсетсе, **4,3%** ресурстар сапасына қанағаттанбаған, ал **3,6%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: ПОҚ-ның басым бөлігі университеттегі оқу әдебиеттерінің сапасы мен білім беру ресурстарының қолжетімділігін оң бағалағанымен, кейбір пәндер бойынша оқу-әдістемелік базаны жаңарту мен цифрлық ресурстарды кеңейту бағытында жұмыстарды жалғастыру өзекті болып табылады.

4. Студенткебағдарланған оқыту нәтижелеріне (студенттердің белсенділігі, кері байланыс, қатысу) қаншалықты қанағаттанасыз?




55,2% оқыту нәтижелеріне толық қанағаттанатынын білдірген, 36,5%-ы жартылай қанағаттанатынын білдірсе, 5,8% қанағаттанбайтыны және 2,5% жауап беруге қиналатынын білдірген.

Қорытынды: Студенткебағдарланған оқытудың білім беру процесінде тұрақты түрде енгізіліп келе жатқанын және студенттердің басым бөлігі оны оң қабылдайтынын көрсетеді.

Дегенмен, жүйелі нәтижеге жету үшін:

- ✓ оқытушылардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- ✓ жеке білім траекторияларын кеңейту;
- ✓ интерактивті және практико-бағдарланған әдістерді күшейту;
- ✓ кері байланысты жедел әрі жүйелі жүргізу қажет.

5. Оқу процесін ұйымдастыруды қалай бағалайсыз (кесте, педагогикалық жүктеме, әдістемелік қолдау)?




Оқытушылардың 40,1%-ы оқу процесін ұйымдастыруды жоғары деңгейде деп бағалаған, 39,4%-ы орташа деңгейде, ал 17% төмен бағаласа, 3,6% жауап беруге қиналғанын білдірген.

Қорытынды: жалпы алғанда, оқу процесі студенттердің басым бөлігі тарапынан оң бағаланғанымен, сапаны одан әрі артыру үшін келесі аспектілерге назар аудару ұсынылады:

- ✓ практикалық бағыттағы сабақтарды күшейту;
- ✓ оқу жүктемесін тиімді жоспарлау;
- ✓ заманауи педагогикалық технологияларды интеграциялау;
- ✓ студенттердің ұсыныстарын жүйелі ескеру.

6. Сіз мансаптық және кәсіби даму мүмкіндіктеріне қаншалықты қанағаттанасыз?




Сауалнама қорытындысына сәйкес, **44,8%** университет ұсынатын мансаптық және кәсіби даму мүмкіндіктеріне толық қанағаттанатындығын білдірген, **30%** жартылай қанағаттанамын деп білдірсе, ал **5,4%** қанағаттанбайтындарын атап өткен, **19,9%** жауап беруге қиналатынын көрсеткен.

Қорытынды: жалпы нәтижелер университетте мансаптық және кәсіби дамуға бағытталған қолдау жүйесінің бар екенін және белгілі бір деңгейде тиімді жұмыс жасағанымен, жүйенің сапалы әрі толыққанды жұмыс істеуі үшін:

- ✓ Мансаптық кеңес беру қызметін күшейту;
- ✓ Компаниялармен серіктестік байланыстарды арттыру;
- ✓ Студенттерді ақпараттандыру деңгейін жақсарту қажет екендігін көрсетеді.

7. Біліктілікті арттыру және ішкі оқыту жүйесі қаншалықты тиімді жұмыс істейді?



Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің **58,1%-ы** университеттегі біліктілікті арттыру және ішкі оқыту жүйесін жоғары деңгейде деп бағалаған, **32,1%** орташа деңгейде, ал **7,6%** -ы жүйені төмен деп және **2,2%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: жалпы талдау біліктілікті арттыру және ішкі оқыту жүйесінің университетте жақсы деңгейде қалыптасқанын көрсеткенімен, **39,7%** ұйымдағы оқыту жүйесінің тиімділігінің кейбір бағыттарын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.


8. Университеттің инновациялық жобаларға (стартап, ҒЗЖ) қолдауын қалай бағалайсыз?



49,1% -ы университеттің инновациялық жобалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ҒЗЖ) көрсетіп отырған қолдау деңгейін жоғары деп бағалаған, **35,4%** қатысушы қолдауды орташа деңгейде деп сипаттаған, ал **5,4%** университеттің инновациялық қызметін төмен деп бағаласа, **10,1%** респондент жауап беруге қиналған.

Қорытынды: университеттің инновациялық бағыттағы қызметі оқытушылар тарапынан оң бағалағанымен, оқытушылардың **15,5%** ғылыми шығармашылықты дамытуға, стартап мәдениетін нығайтуға және зерттеу әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстың нәтижесінің төмен екенін көрсетеді.

9. Ғылыми жобалар мен жарияланымдарды іске асырудағы қолдау деңгейін




бағалаңыз.

ПОҚ-ның **46,2%-ы** университет тарапынан ғылыми жобалар мен ғылыми жарияланымдарды іске асыруға көрсетілген қолдау деңгейін жоғары деп бағалаған, **37,9%** орташа деңгейде деп сипаттаған, **7,6%** көрсетілген қолдауды төмен деп бағаласа, **8,3%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: университеттің ғылыми жобаларды жүзеге асыру мен жарияланымдық белсенділікті қолдауда оң тенденция қалыптастырғанымен, бұл көрсеткіш ғылыми қызметті ынталандыруды күшейтуді, гранттық мүмкіндіктерді кеңейтуді және жарияланымдарға әдістемелік қолдауды арттыру қажеттігін айғақтайды.


10. Сіз өзіңіздің кәсіби қызметіңізде цифрлық құзыреттіліктің дамуын қаншалықты жоғары бағалайсыз?



54,9%-ы өздерінің кәсіби қызметінде цифрлық құзыреттіліктің дамуын жоғары деңгейде бағалаған, **37,9%** орташа деңгейде, **4,3%** респондент төмен деп бағалаған, **2,9%** жауап беруге қиналғанын көрсеткен.

Қорытынды: университеттегі цифрлық құзыреттілікті дамытуға бағытталған шаралар оң бағаланғанымен, бұл бағыт бойынша жетілдіруді қажет ететін аспектілер де бар.

11. Университеттің инклюзивті ортасы қаншалықты дамыған (мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау)?




Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің **50,2%-ы** университеттің инклюзивті ортасын жоғары деңгейде дамыған деп бағалаған, **40,8%** қатысушы орташа деңгейде, ал **3,6%** респондент инклюзивті ортасын төмен деп қанағаттанбайтынын көрсетсе, **6,1%** жауап беруге қиналғанын көрсеткен.

Қорытынды: университетте инклюзивті ортаның қалыптасуы бойынша **оң динамика** байқалатынын аңғартады. Дегенмен, тиімділікті арттыру мақсатында педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру құзыреттілігін арттыру қажет және оқу ғимараттарында инфрақұрылымдық қолжетімділікті кеңейту керектігін көрсетеді.

12. Кафедра басшылығы қатынасына қаншалықты қанағаттанасыз?

мен

деканаттың қарым-



- 1) толық қанағаттанамын / полностью удовлетворен(-а)
- 2) қанағаттанамын деп айта аламын / в полне удовлетворен(-а)
- 3) жартылай қанағаттанамын / частично удовлетворен(-а)
- 4) қанағаттанбаймын / не удовлетворен(-а)


63,5% - толық қанағаттанады: бұл басқару органдары арасындағы тиімді коммуникацияның, ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетеді.

22% - қанағаттанамын деп айта аламын деген, бірақ жеке мәселелер болуы мүмкін.

11,2% - жауап беруге қиналған, ал **3,2%** - қанағаттанбайды, бұл көрсеткіш төмен болғанымен, назар аударуды талап етеді.

Қорытынды: жалпы алғанда, кафедра басшылығы мен деканат арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде бағаланғанымен, үйлестіру мен ақпарат алмасуда жетілдіруді қажет ететін тұстар бар екендігін білдіреді.

13. Педагогикалық жүктеме қаншалықты әділ және тиімді бөлінеді?



- 1) Мүлдем әділ емес / не совсем справедливо
- 2) Орташа (кейбір тұсы әділ, кейбір тұсы тиімсіз) / средний (некоторые моменты справедливы, некоторые н...
- 3) Толықтай әділ және тиімді / полностью справедливый и эффективный
- 4) Жауап беруге қиналамын / затрудняюсь ответить


48,7%-толықтай әділ және тиімді деп санайды, **29,2%** орташа, кейбір тұстары әділ, кейбір тұстары тиімсіз деген, **16,2%** мүлдем әділ емес деп санаса, ал **5,8%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: педагогикалық жүктеменің әділдігі ортадан жоғары деңгейде бағаланған.

Алайда:

- белгілі бір категория қызметкерлері арасында жүктеменің тең бөлінбеуі;
- пәндер мен топтардың үлестірудегі түсініксіздіктің болуы сияқты факторлар жағымсыз пікірлерге әсер етуі ықтимал.

14. Сіз еңбек жағдайларына және жұмыс орнын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қанағаттанасыз ба?




- 1) толық қанағаттанамын / полностью удовлетворен(-а)
- 2) қанағаттанамын деп айта аламын / в полне удовлетворен(-а)
- 3) жартылай қанағаттанамын / частично удовлетворен(-а)
- 4) қанағаттанбаймын / не удовлетворен(-а)

Еңбек жағдайларына және жұмыс орнын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге **33,2%** толық қанағаттанамын деген, **27,1%** жартылай қанағаттанамын деп айта алған, **10,2%** қанағаттанбайтынын көрсетсе, **28,9%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: респонденттердің басым бөлігі еңбек жағдайларын қанағаттанарлық және ортадан жоғары деңгейде деп бағалағанымен, **39,7%** еңбек жағдайын жақсарту,

жұмыс орындарын материалдық жағынан күшейту және тиімді қамтамасыз ету шараларын күшейту қажеттігін айқындайды.


15. Бағалау және жалақы жүйесі қаншалықты ашық және әділ?



Университеттегі бағалау және еңбекақы жүйесіне қатысты қызметкерлердің көзқарасы **38,6%** орташа деңгейде бағалаған, **32,5%** жоғары деңгейде, **20,6%** төмен деп бағаласа, ал **8,3%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: жалпы алғанда, бағалау және жалақы жүйесіне қатысты қызметкерлердің көзқарастары әркелкі. Дегенмен, төмен бағалаған және жауап беруге қиналғандар үлесі критерийлерін қайта қарауды қажет ететінін көрсетеді.

16. Сіз медициналық қызмет көрсету, санаторлық емдеу, тамақтану, демалыс қызметтеріне қаншалықты қанағаттанасыз?



Университет қызметкерлерінің денсаулыққа бағытталған әлеуметтік қолдау қызметтеріне **43,3%**-орташа деңгейде, **30%**-жоғары деңгейде, **18,4%**-төмен деңгейде қанағаттанса, ал **8,3%**-жауап беруге қиналған.

Қорытынды: медициналық және әлеуметтік қоладудың белгілі бір деңгейде бар екенін растайды, бірақ қызметтердің сапасы және ұйымдастырылуы бойынша жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

17. Сіз университеттің өмірі мен ішкі процестері туралы ақпараттың қол жетімділігіне қанағаттанасыз ба?



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (**73,6%**) университет ішіндегі ақпараттың қолжетімділігіне **оң көзқарас** танытады.

Дегенмен, **3,6%** қанағаттанбайтынын білдірсе, ал **22,7%** жауап беруге қиналғанын көрсеткен.

Қорытынды: жалпы алғанда университеттің ақпараттық қолжетімділігі жақсы деңгейде, алайда 100% қамту үшін ішкі коммуникацияны күшейту қажет.

18. Университеттегі шешім қабылдау процесі қаншалықты ашық және инклюзивті?



31,8% университеттегі шешім қабылдау үдерістеріне толығымен қанағаттанатынын көрсетсе, 41,2% орташа деңгейде қанағаттанатындығын білдірген. Алайда 13,4% респонденттің қанағаттанбауы - шешімдер кейде жабық форматта қабылданатынын және кері байланыстың жеткіліксіз екенін білдірсе, 13,7% жауап беруге қиналғандарын көрсетеді.

- ;
- .

Қорытынды: шешім қабылдау үдерісіндегі ашықтық жалпы алғанда жеткілікті деңгейде болғанымен, 27,1% ақпараттың жеткіліксіздігі мен процестер туралы хабардарлықтың төмендігі көрсеткен.

19. Ұжымдағы атмосфераны және кәсіби өзара әрекеттесу деңгейін қалай бағалайсыз?



Респонденттің 61%-ы көбіне ұжымдағы атмосфераны қолайлы деп атап, кәсіби өзара әрекеттесу деңгейінің жақсы екенін көрсетті, 30% қатысушылар орташа деңгейде деп бағаласа, ал 9% ұжымдағы психологиялық климатты өте қолайсыз және кәсіби қарым-қатынастың төмен деңгейде екенін жеткізді.

Қорытынды: Нәтижелер ұжым ішінде жалпы жағымды атмосфера қалыптасқанын көрсетеді. Дегенмен, орташа немесе жағымсыз деп бағалаған қызметкерлердің үлесі де назар аударуды талап етеді. Психологиялық қолдау және командалық іс-шаралар бойынша қосымша жұмыстардың жеткіліксіз екендігі көрінеді.

20. Университетте марапаттау процесі қалай жүзеге асырылатынын білесіз бе, оны қаншалықты ашық және объективті деп санайсыз?



37,2% респондент марапаттау жүйесін ішінара ашық әрі объективті деп бағалады, бұл процесс белгілі бір деңгейде түсінікті болғанымен, айқындықтың жеткіліксіз екенін көрсетеді. 27,1% толығымен ашық және объективті деп санайды, 20,2% аталған жүйенің

ашықтығы мен объективтілігінің төмен екендігін атап көрсетсе, **15,5%** марапаттау процесін мүлдем ашық емес және объективтілігі жоқ деп есептеген.

Қорытынды: нәтижелер марапаттау механизмінің белгілі бір деңгейде жұмыс істейтінін көрсеткенімен, **37,7%** қызметкерлер арасында толық сенім қалыптаспағанын аңғартады. Ашықтық пен әділдікті күшейту үшін:

- критерийлер жариялығын арттыру;
- бағалау өлшемдерін нақтылау;
- кері байланыс беру мәдениетін дамыту;
- түсіндіру жұмысын күшейту қажет.


Бұл ұсыныстар ұжым сенімін арттырып, марапаттау жүйесінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану дәрежесі, %

№	Толық қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
	1	2	3	4
1.	63,5%	13,4%	17%	6,1%
2	55,6%	35%	5,1%	4,3%
3	62,8%	29,2%	4,3%	3,6%
4	55,2%	36,2%	5,8%	2,5%
5	40,1%	39,4%	17%	3,6%
6	44,8%	30%	5,4%	19,9%
7	58,1%	32,1%	7,6%	2,2%
8	49,1%	35,4%	5,4%	10,1%
9	46,2%	37,9%	7,6%	8,3%
10	54,9%	37,9%	4,3%	2,9%
11	50,2%	40,8%	3,6%	5,4%
12	63,5%	22%	11,2%	3,2%
13	48,7%	29,2%	16,2%	5,8%
14	33,2%	27,1%	10,8%	28,9%
15	32,5%	38,6%	20,6%	8,3%
16	30%	43,3%	18,4%	8,3%
17	44%	29,6%	3,6%	22,7%
18	31,8%	41,2%	13,4%	13,7%
19	19,5%	41,5%	39%	-
20	27,1%	37,2%	35,7%	-
	44,6%	35%	11,9%	8,5%
	79,6%		11,9%	8,5%

ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану деңгейі көрсеткіштері (%) қараша 2025ж.)



1. Білім беру сапасы және оқу процесі

Респонденттердің басым бөлігі студентке бағдарланған оқытудың ұйымдастырылуына оң баға берген. Оқу процесінің жалпы тиімділігі орта және жоғары деңгейде. Бұл педагогикалық тәсілдер мен оқу программаларының жаңаруының жемісі екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, педагогикалық жүктеме әділдігі мәселесі толық шешілмеген – қызметкерлердің бір бөлігі жүктеменің тең бөлінбейтінін атап өткен.

Ұсыныс:

- ✓ Жүктеме есептеу формуласының нақты регламентін әзірлеу;
- ✓ Ресми түсіндіру құжаттарын ұсыну.

2. Инклюзивті орта және инфрақұрылымдық қолжетімділік

Университеттің инклюзивті ортасы қызметкерлер тарапынан жоғары бағалаған. Дегенмен, инфрақұрылымдық қолжетімділік бойынша кейбір қиындықтар бар екені байқалады (мүгедек жандарға жағдай, кеңістіктің бейімделуі).

Ұсыныс:

- ✓ Арнайы құрал-жабдықтар орнату;
- ✓ Әлеуметтік бейімделу бойынша тренингтер ұйымдастыру

3. Басқарушылық процестер және коммуникация

Кафедра мен деканат арасындағы өзара әрекеттесу деңгейі жоғары. Дегенмен шешім қабылдау процесінің ашықтығы бойынша кейбір сенім мәселелер анықталған. Бұл басқарушылық коммуникацияның жеткіліксіздігін көрсетеді.

Ұсыныс:

- ✓ Шешім қабылдау критерийлерін жариялау;
- ✓ Кеңестер нәтижелер ұжымға жеткізу;
- ✓ Ашық диалог форматтарын енгізу.

4. Марапаттау және жалақы жүйесі

Марапаттау процесі ішінара ашық және объективті деп танылғанымен, айтарлықтай бөлігі бұл жүйеге сенімсіздік білдірген.

Жалақы мен бағалау жүйесінің ашықтығына да қатысты сұрақтар бар.

Ұсыныс:

- ✓ Критерийлерді нақтылау;
- ✓ Кері байланыс беру механизмін қосу.

Медициналық тексерістер жиілігін арттыру

5. Әлеуметтік қолдау (медициналық қызмет, демалыс)

Бұл бағыттың бағалары орта деңгейде. Университет тарапынан әлеуметтік қолдауды күшейту мәселесі өзекті.

Ұсыныс:

- ✓ Санаторийге жолдамалар санын арттыру;
- ✓ Медициналық тексерістер жиілігін арттыру.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері университеттің дамуы тұрақты деңгейде екенін, ұйым ішіндегі корпоративтік мәдениеттің ішінара дұрыс бағытта қалыптасқанын көрсетті. Солай бола тұра, табысқа тікелей әсер ететін бірқатар процестерді жетілдіру қажет. Ұсыныстарды жүйелі енгізу:

- ✓ қызметкерлердің мотивациясын арттырады;
- ✓ білім беру сапасын күшейтеді;
- ✓ университеттің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.